

СЫН ТҰРҒЫСЫНАН ОЙЛАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ АРҚЫЛЫ ОҚЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

АННОТАЦИЯ

Бастауыш білім беру саласында білім берудің сапасын арттыруда сын тұрғысынан ойлау технологиясы арқылы оқытудың ерекшеліктерін қарастыру тақырыптың өзектілігін арттырады. Бұрын оқу үрдісінде мұғалім басты роль атқарған болса, қазір оқушының белсенділік көрсететін кезі туды. Сабақ мұғалімнің емес, оқушының іс-әрекетімен бағаланады. Мақаланың мақсаты сабақ барысында оқушының ізденуі мен зерттеу дағдыларын қалыптастыра отырып, пәнге деген қызығушылықтарын арттыру мақсатында қолданылатын технология екендігін айқындау. Сын тұрғысынан ойлау технологиясы арқылы оқытуда белгілі бір идеяларды қабылдай отырып, оның неге қатысты екенін зерттеу, оларды жеңіл септикалық ойларға қарсы қоя білу, салыстыра алу, сол идеяларға қарсы көзқарастармен тепе-теңдікте ұстап зерттеу, оларға сеніммен қарауға үйрету. Тақырыпты қорытындылауда мұғалім бұл жағдайда білімді түсіндіріп қоюшы, бақылаушы емес, бағалаушы емес, танымдық іс-әрекетін ұйымдастыратын ұжымдық шығармашылық істердің ұйытқысы. Тек осындай оқыту ғана оқушы интеллектісінің көзін ашып, шығармашылығын дамытатындығы қарастырылған.

Түйінді сөздер: Оқушы, мұғалім, сыни ойлау, іс-әрекет, шығармашыл тұлға, интеллект

АННОТАЦИЯ

Рассмотреть особенности образования в сфере обучения в повышении качества начального образования через технологии критического мышления и повышает актуальность темы. Ранее главная роль учителя в учебном процессе, то сейчас настала пора, оказывающих активности учащегося. Урок учителя, а не ученика действиями, оценивается. Цель статьи-исследовательских навыков учащихся в ходе урока и формируя то, что технологии определения, применяемые в целях повышения интереса к изучаемому предмету. Технология критического мышления в обучении посредством определенных идей, принимая, что почему его исследования, умение применять их против легкой септических мысли, в сравнении, против тех идей, взглядами пропорциях исследования держать, учить и уверенно смотреть в них.

Ключевые слова: Ученик, учитель, критического мышления, действий, творческая личность, интеллект

ABSTRACT

Examine the features of education in the field of training in improving the quality of primary education through critical thinking and enhances the relevance of the topic. Previously, the main role of the teacher in the learning process, now is the time, providing the student's activity. Lesson the teacher, not the student action is evaluated. The purpose of the article the research skills of students in the lesson and zdeno, forming what technology definitions for the purpose of enhancing the interest to the subject. Technology of critical thinking in education through certain ideas, assuming that's why his research, the ability to put them against light septic thoughts, in comparison, against those ideas, perspectives, proportions of study to be taught and be confident in them. The Director explained that in the case of themes, the teacher sums up the knowledge, not the controller, evaluator, cognitive activities, collective creative Affairs, organized by the kernel.

Keywords: Student, teacher, critical thinking, action, creative personality, intelligence.

Білім беру сапасы – қоғамдағы білім беру үрдісінің жағдайын, нәтижесін, сондай-ақ жеке тұлғаның кәсіптілігінің қалыптасуы және даму болашағының қажеттілігін анықтайтын әлеуметтік категория. Білім беру сапасы білім беру мекемелеріндегі жастарды оқыту мен тәрбиелеу қызметтерінің әртүрлі көрсеткіштерінің жиынтығы, яғни білім беру мазмұны, оқыту формасы мен әдістері бойынша анықталады. Сондықтан педагогика ғылымының ерекшелігі де – баланың тұлғалық дамуына бағытталған жаңа оқыту технологияларын шығаруы болып отыр.

Білім сапасын және пәрменділігін арттыру мәселесі оқу үрдісіне оқытудың жаңа технологияларын тереңдете ендіру жолымен шешіле алатындығы сөзсіз және бұл ретте тұтас алғанда білім берудің сапасы мүлде көтеріліп, шығармашылықты жеке тұлғаны дамытудың жоғары деңгейіне қол жеткізу қамтамасыз етіледі.

Педагогикалық теориямен жеткілікті түрде қаруланған мұғалімнің іс-әрекеті тиімді болатыны әркезден-ақ мәлім. Ендеше оқыту технологиясын оқу үрдісіне енгізу білім сапасын қажетті деңгейде және оны басқаруды қамтамасыз етеді.

Мектептердің оқу үрдісіне жаңа ақпараттық технологияны енгізу арқылы оқу сапасы жақсарып, дамыта оқыту жүзеге асырылып, сабақ қарқыны жеделдетіліп, жеке тұлғамен жұмыс істей отырып, саралап, даралап оқытуға мүмкіндік туады. Жаңа ақпараттық технологияны шағын жинақталған мектептерде де пайдалануға болады. Онда сабақты тиімді өткізуге, оқушылардың танымдық белсенділігін арттыруға, әрбір оқушының өз беттерінше ізденіп білім алуларына көмектесуге болады. Жаңа технология оқушының өзіндік жұмыс атқаруына және ең бастысы – оқушының білім жетістіктерін жақсартуға ықпал етеді.

Мектептің сатысында кеңінен қолданылып жүрген оқытудың қазіргі технологиялары: дидактикалық бірліктерді ірілендіру технологиясы (П.М.Эрдниев) бір мезгілде тура және кері амалдар мен операцияларды меңгеруге көмектеседі және ірілендіру қағидасына сүйеніп құрастырылған жаттығулар жиынтығы білімді саналы да берік меңгеруге көмектеседі, математиканы оқытудың есеп шығаруға негізделген технологиясы (Р.Г.Хазанкин) есептерді шығаруда әртүрлі әдістерді қолдану және оқушылар бірін-бірі тексеру арқылы есептің дұрыстығына көз жеткізулеріне болады, дамыта оқыту технологиясы (Л.С.Выготский, Л.В.Занков, Д.Б.Эльконин, В.В.Давыдов) дамыта оқыту жүйесі жеке тұлғаны жеделдете қарқынды, барлық сапалармен сәйкестікте жан-жақты дамытуға бағытталған, оқытудың модульдік технологиясы (В.М.Монахов) оқу үрдісін мақсатты жобалап, құруға болады. Оқытудың компьютерлік технологиясы компьютермен жұмыс істеу техникасын меңгеру, сыныпта белсенділік көрсету, жеке жұмыс істеу, жекелеп көмек көрсету, проблемалық оқыту технологиясы, тірек сигналдары арқылы оқыту технологиясы (В.Ф.Шаталов) теория және практиканы блок түрінде топтау, тірек-схема, тірек-конспект түрінде берілген теориялық материалдарды сыныпта меңгеру, үйде өз бетімен іздену, жұмыс істеу, түсіндіре басқарып – оза оқыту (С.Н.Лысенкова) алынатын білімнің алғашқы бөлігін алдын ала оқыту, деңгейлік саралап оқыту технологиясы бірнеше деңгейде тапсырма беру және жүйелік негізде оқыту технологиясы (Ғалиев Г.Г.), шоғырландырып – қарқынды оқыту технологиясы (Әбдіғалиев Қ.А., Нұрахметов Н.Н.), блоктық-модульдік технологиясы (Жанпейісова М.) қазіргі таңда қолдау табуда [2,5 бет].

Қазіргі кезеңде білім берудің сапасын жақсарту, әдістемелік негізін өзгерту заман талабына сәйкес туындап отырған қажеттілік. Өйткені, мектептің әр күні көптеген ғылыми жаңалықтарға, терең әлеуметтік өзгерістерге толы. Бұрын оқу үрдісінде мұғалім басты роль атқарған болса, қазір оқушының белсенділік көрсететін кезі туды. Сабақ мұғалімнің емес, оқушының іс-әрекетімен бағаланады. Қазіргі заманда нені оқыту емес, қалай оқыту маңыздырақ болып отыр. Сабақ барысында оқушының ізденуі мен зерттеу дағдыларын қалыптастыра отырып, пәнге деген қызығушылықтарын арттыру мақсатында қолданылатын технологиялар баршылық. Солардың бірі - сын тұрғысынан ойлау технологиясы. Бұл технология Совет өкіметі кезінде 1973 жылдан, Қазақстанда 1997 жылдан бері таныла бастады. Оқу мен жазу арқылы сыни тұрғыдан ойлау, яғни, RWCT жобасы 29 мемлекетте қолданылады. Технологияның негізін қалаушылар американдық ғалымдар Чарльз Темпл, Джон Дьюи, Мередит. Кезінде жоба ретінде ұсынылып, көпшіліктің қолдауын тапқан бұл технологияда Выготский, Пиаже, Эльконин-Давыдовтардың, басқа да ғалымдардың еңбектерінің ең құнды жерлері көрініс тауып, идеялар тоғысып, біріктірілген іспетті. Біздің зерттеуіміз бойынша сыни ойлау технологиясы қазіргі заман талабы деп тұжырым жасауға сәйкес келеді [3,4 бет].

Сын тұрғысынан ойлауды дамыту бағдарламасы –әлемнің түкпір-түкпірінен жиылған білім берушілердің бірлескен еңбегі. Жобаның негізгі теорияларын Ж.Пиаже, Л.С.Выготский т басшылыққа алады. [2,8 бет]

Мақсаты барлық жастағы оқушыларға сабақ барысындағы кез келген мазмұнға сыни тұрғыдан қарап, екі ұйғарым бір пікірдің біреуін таңдауға саналы шешім қабылдауға үйрету.Біздің елімізде «Сорос-Қазақстан» қоры арқылы келген бұл жоба қазақ тілінде мектеп тәжірибелеріне ене бастады.

«Сын тұрғысынан ойлау жобасының»ұғымы белгілі бір идеяларды қабылдай отырып, оның неге қатысты екенін зерттеу, оларды жеңіл септикалық ойларға қарсы қоя білу, салыстыра алу, сол идеяларға қарсы көзқарастармен тепе-теңдікте ұстап зерттеу, оларға сеніммен қарау деп санаймыз.

Сын тұрғысынан ойлау – шындалған ойлау. Бұл деңгейдегі ойлау сынып оқушыларына ғана тән емес. Жас балалардың бұл жұмысты дұрыс ұйымдастырған жағдайда өз даму деңгейіне сәйкес ойы шындалып, белгілі бір жетістіктерге жетері сөзсіз.

Сын тұрғысынан ойлау – сынау емес, шындалған ойлау. Оқушының бұл жұмысты дұрыс ұйымдастырған жағдайда өз даму деңгейіне сәйкес ойы шындалып, белгілі бір жетістіктерге жетері сөзсіз.

Осы жобамен жұмыс жасау барысында мұғалім оқушының өзін ізденуге жетелейді, ойлауға үйретеді.

Педагогикалық технология оқушылардың жеке басын дамыту мен білім беру мақсатына жету жолындағы педагогикалық қызметінің, іс - әрекетінің жүйелі дамып, отыратын жобасы ретінде оқушы белсенділігін арттыруды көздейді. Ал, оқушы белсенділігінің артуы оны шығармашылыққа жетелейді. Шығармашылық қабілет әр баланың табиғатында болуы мүмкін. Біздің міндетіміз – оқушыға оның бойында жасырынып жатқан мүмкіндіктерін ашып көрсету.

Қазіргі таңда мұғалімнің алдында тұрған басты мақсат оқушыға тек сапалы білім берумен ғана шектелмей, оны келшек өміріге дайын азамат ретінде қалыптастыру болу керек.

Білім берудің маңызды шарты оқу үрдісінде оқушылардың қызығушылығын арттырып, өздігінен білім алуға құштарлықтарын дамыту болып табылады. Ендеше, дәстүрлі сабақта оқушы мұғалімнің көмегімен білім алса; оқушы мұғалім білім сыни тұрғыдан ойлау сабағында оқушы білімге өзі жетеді, мұғалім тек бағыт беруші.

СТО мен дәстүрлі сабақтарды қысқаша салыстырсақ:

СТО сабақтарда	Дәстүрлі сабақтарда
Оқушылар жекелей, жұппен, топпен жұмысты жақсы ұйымдастырады.	Оқушы бірден жұмысқа кірісіп кетпейді.
Өз беттерімен жұмыс істеу қабілеттері, белсенділіктері басым.	Белсенділік орташа, мұғалімнің көмегін керек етеді.
Шығармашылық қабілеттері артады, топтағы әр оқушының жауапкершілігі басым.	Шығармашылығы бірқалыпты, ынта-ықыластарын білдіре қоймайды.

Сыни тұрғыдан ойлау технологиясын қолдануымен жүргізілген сабақтың жоғары деңгейде өтуінің алғы шарты оның қағидаларында, яғни, стратегияларында. Стратегия дегеніміз – философия, әдістемелік ұстаным. Мұғалім мен оқушы кез келген стратегияның әдіс-тәсілін, қыр-сырын жетік түсіне білуі қажет. Сонда ғана жұмыс нәтижелі болмақ. Стратегиялар оқушыларды шығармашылықпен әрекет етуге, ізденімпаздыққа баулиды, еркін, терең, жан-жақты ойлауына, үздіксіз жұмыс жасауына жол ашады, стратегияның 80-нен аса түрі бар. Жұмыстың ыңғайына қарай стратегияларды өзгертіп те жіберуге болады.

СТО технологиясын пайдалана отырып, сабақ құрылымын жоспарлауға шығармашылықпен қарау, әдістемелік лабораторияны жинақтау секілді мүмкіндіктерге қол жеткізуге болады. Педагогикалық ғылым мен озық тәжірибенің бүгінгі даму деңгейінде болған оқыту әдіс-

тәсілдерінің бәрін де еркін игеріп, әрбір нақтылы жағдайларға орай солардың бірнешеуінің жиынтығын түрлендіре үйлесімді, әрі шығармашылықпен қолдану ұстаз шеберлігінің басты белгісі болмақ.

Негізгі тұжырымдары мен қағидалары:

- Мәселені әр қырынан қарау;
- Пікірін ашық айту;
- Бірлесе ойланып, бірігіп шешім қабылдау;
- Шыдамдылық;
- Жұпта, топта ойын ортаға салу;
- Белсенді оқу әрекетіне ынта-ықылас туғызу;
- Болжамдар жасай алу;
- Әр ой құндылығын сезіну;
- Практикада қолдана алу;
- Рефлексия жасай алу.

Педагогикалық қызметте сыни тұрғыдан ойлау технологиясы арқылы осылайша ұйымдастыру - жаңаша оқытуға жеткізетін жол.

Бұл жобаның басты мақсаты – дамыта оқыту негізінде «Сын тұрғысынан ойлау арқылы оқу мен жазуды дамыту» бағдарламасын іске асыру, балаларға терең білім беру. Жаңа технология ретінде ең озық әдістерді игеру, іздену арқылы бала бойына дарыту, одан өнімді нәтиже шығара білу – әрбір ұстаздың басты міндеті. Жаңа технологияларды енгізу кезінде оқытушының технологиялық құзырлығының жоғары деңгейін қамтамасыз ету үшін мұғалім білуі керек:

- сыни тұрғыдан ойлау технологиясы көмегімен шешілетін мәселелерді;
 - сыни тұрғыдан ойлау технологиясы арқылы алынатын нәтижелерді;
 - сыни тұрғыдан ойлау технологиясы арқылы алынатын нәтижелердің теориялық негізін;
 - сыни тұрғыдан ойлау технологиясында мұғалім қолданатын әдіс-тәсілдерді;
 - оқушылармен жұмыс әдісін;
 - оқушылармен сыни тұрғыдан ойлау технологиясы арқылы жұмыс істеуге үйрету әдісін, мұғалім істей алуы керек;
 - сыни тұрғыдан ойлау технологиясы үшін оқу бағдарламасының түрлендірілген нұсқаларын құрастыруды;
 - күнтізбелік-тақырыптық жоспарлауды;
 - әр сабақта сауатты жоспарлауды;
 - оқу моделін құрастыруды;
 - оқушылардың өзіндік жұмыстары үшін таратпалы материалдарды дайындауды;
 - оқушыларға арналған өзіндік тапсырмаларды құрастыруды;
 - оқушылар үшін деңгейлік тапсырмалар жасау;
 - тестілік бақылау тапсырмаларын дайындау;
 - компьютерлік бақылау үшін тапсырмалар дайындау;
- Мұғалім дұрыс ұйымдастыруы қажет:
- жаңа технологияда пайдаланатын жәкелеген әдістер мен тәсілдерді қолдануды;
 - түрлі типтегі сабақтарды өткізуді;
 - өткізілген сабақтарға талдау жасау, жіберілген кемшіліктердің себептерін анықтауды;
 - сыни тұрғыдан ойлау технологиясы қолданылатын оқу әрекеттерінің әдістерін оқушыларға үйретуді;
 - педагогикалық диагностиканың қарапайым әдістерін қолдана отырып, жаңа технологияны пайдалану тиімділігін бағалауды.

Педагогикалық қызметте сыни тұрғыдан ойлау технологиясы арқылы осылайша ұйымдастыру - жаңаша оқытуға жеткізетін жол.

«Сын тұрғысынан ойлау арқылы оқу мен жазуды дамыту»бағдарламасын іске асыру, балаларға терең білім беру. Жаңа технология ретінде ең озық әдістерді игеру, іздену арқылы бала бойына дарыту, одан өнімді нәтиже шығара білу – әрбір ұстаздың басты міндеті.

Оқыту әдіс-тәсілдерін сапалы тандап алуды осылайша түсіну оқытуда табысқа жетуге негіз жасап, сабақтың тиімділігі мен сапасын барынша арттыра түспек.

Қазіргі нарықтық экономиканың сұраныстарын қанағаттандыруға және экономиканың, өндіріс салаларының дамуына сай жастарға компетентті тұлға ретінде қалыптастыру үшін мұғалімдер оқытудың қазіргі технологияларын пайдаланып, оны одан әрі заман талабына сай жетілдіруі қажет. Осылай оқушылардың білім жетістіктерінің деңгейін көтеруге болады.

Оқушының шығармашылық қабілеті практикалық әрекеттері, ізденімпаздығы арқылы дамиды. Шығармашылыққа үйрететін сабақтар – сын тұрғысынан ойлау технологиясын қолдану болып табылады. Мұндай сабақтарда оқушыға ерекше ахуал, мұғалім мен оқушы арасында ынтымақтастық қатынас қалыптасады. Мұғалім бұл жағдайда білімді түсіндіріп қоюшы, бақылаушы емес, бағалаушы емес, танымдық іс-әрекетін ұйымдастыратын ұжымдық шығармашылық істердің ұйытқысы. Тек осындай оқыту ғана оқушы интеллектісінің көзін ашып, шығармашылығын дамытады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Мұқанов М. Жас және педагогикалық психология/М.Мұқанов. – Алматы: Мектеп, 1982. -182 бет.
2. Ералиева М. Оқытудың қазіргі технологиялары/М. Ералиева//Бастауыш мектеп. – 2006. - №5. 3-5 бет.
3. Абдрахманова К. Төменгі жастағыларды оқыту ерекшеліктері/К.Абдрахманова//Бастауыш мектеп. – 1989. - №9. 10 бет.

Кузьменко Юлия Павловна,
магистр педагогика и психологии,
старший преподаватель кафедры ДНиСО,
г.Костанай

ТЕАТРАЛИЗОВАННАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ КАК СРЕДСТВО РАЗВИТИЯ ВОООБРАЖЕНИЯ У МЛАДШИХ ШКОЛЬНИКОВ С ЗПР НА УРОКАХ ЛИТЕРАТУРНОГО ЧТЕНИЯ

АННОТАЦИЯ

Бұл мақалада әдебиеттік оқу сабақтарында театрландырылған іс-әрекет арқылы психикалық дамуы тежелген кіші мектеп жасындағы оқушылардың қиялын дамытудың маңыздылығы туралы баяндалады. Психикалық дамуы тежелген кіші мектеп жасындағы оқушылардың қиялын дамытуда театрландырылған іс-әрекеттің маңыздылығы – балалардың алдына шығармашылық міндеттерді қоюға, оларды жаңа кейіпкерлердің образына ендіруге ықпал етеді және сол арқылы олардың өзбеттерімен түрлі әрекеттерді орындай алуға зор мүмкіншілік туғызатындығында. Авторлар дәлелдеулерінде психикалық дамуы тежелген кіші мектеп жасындағы оқушылардың қиялының даму үрдісі кешенді сипатта болады және театрландырылған іс-әрекетті әрбір әдебиеттік оқу сабақтарында қолдануды қарастырады. Мақала мазмұнындағы ұсыныстар тәжірибелік бағытта және психикалық дамуы тежелген балалармен түзету жұмыстарын жүргізу барысында қолдануға болады.

***Түйінді сөздер:** психикалық дамуы тежелген, кіші мектеп жасындағы оқушы, қиял, театрландырылған іс-әрекет.*

АННОТАЦИЯ

В статье отмечается важность развития воображения младших школьников с задержкой психического развития посредством театрализованной деятельности на уроках литературного чтения. Значение театрализованной деятельности для развития воображения младших школьников с ЗПР заключается в том, что эта деятельность позволяет прямо ставить перед